

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 желтоқсан N 1292

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының берілген 1993 жылғы 19 мамырдағы N 26-15/ 136, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 26-15/8347, 1994 жылғы 10 маусымдағы N Ф 223/40, 1994 жылғы 29 маусымдағы N Ф 22-3/42, 1995 жылғы 24 наурыздағы N Ф 223/3/4016, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 000001, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 001 мемлекеттік кепілдіктеріне және 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқыэкономбанк) білдірген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Қаржы министрлігінің арасындағы Келісімге Өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді 1,2-қосымшаларға сәйкес, сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеуі шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлейтін болсын;

2) (қ ұ п и я) ;

3) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалануы жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына , с о т т а р ғ а б е р с і н .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерді орындамаған тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамына алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жүргізу ұ с ы н ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджет есебінен орындалған заемшыларға қатысты қолданылған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
18 желтоқсандағы
N 1292 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік

емес сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің
Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
Австрия несие желісі						
"Фосфор" АҚ	USD	30.09.98	593,20 000	593,20	000	
Барлығы	USD		593,20 000	593,20	000	

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
18 желтоқсандағы
N 1292 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік

емес сыртқы заемдарды өтеу бойынша алдағы төлемдердің

Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	Төлем сомасы	Негізгі борыш
Германия несие желісі				
"Теплоприбор" АҚҚ	DM	01.12.98	1 863 305,07	1 630 257,50
"Тұран Агро" фирмасы	DM	01.12.98	539 888,46	484 482,50
"Акмола-жаңа құрылысіндустрія" ЖҰАҚ	DM	30.12.98	4 919 291,99	4 129 326,10
"Екібастұзкөмір" МАҚ	DM	30.12.98	414 598,44	0,00
Австрия несие желісі				
"Фосфор" АҚ	USD	30.12.98	40 948,99	0,00
АҚШ несие желісі				
"Кен дала" МАҚ	USD	15.12.98	10 763 673,08	8 680 848,23
"Кен дала" МАҚ	USD	15.12.98	1 334 841,18	1 076 542,70

"Тағам" МАК	USD	15.12.98	2 012 628,41	1 651 268,86
Франция несие желісі				
"Тағам" МАК	FRF	04.01.99	5 499 414,12	5 210 488,89
Барлығы:				
	DM		7 737 083.96	6 244 066,10
	FRF		5 499 414,12	5 210 488,89
	USD		14 152 091,66	11 408 659,79

Проценттер	Басқалары
233 047,57	0,00
55 405,96	0,00
789 965,89	0,00
414 598,44	0,00
26 978,94	13 970,05
2 082 824,85	0,00
258 298,48	0,00
361 359,55	0,00
288 925,23	0,00
1 493 017,86	0,00
288 925,23	0,00

2 729 461,82		13 970,05

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК